

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 қыркүйектегі N 1184 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 1376 Жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 21-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. "Әскери және арнаулы атақтар беру, әскери қызметшілердің және өзге де мемлекеттік органдар қызметкерлерінің нысанды киім киіп жүру құқығы мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 қыркүйектегі N 1184 Жарлығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтың 1) тармақшасындағы:
үшінші абзацта "Әскери прокуратурасының" деген сөздер "прокуратура органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацта "және прокуратура органдары қызметкерлерінің сыныптық шендерін" деген сөздер алынып тасталсын;

алтыншы абзац алынып тасталсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті